«6D021400 - Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Базарбаева Меруерт Медеубаевнаның «Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі» (билингв-жазушылар материалдарында) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысы) 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді. «6D021400 Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019ж.) және «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» (2020ж.) ҚР Президентінің 2021 жылдың 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар

			саласындағы зерттеулер» атты басым бағыттарына **сәйкес** келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі **үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі жоғары, сол себепті отандық ғылымға өзіндік үлес қосатыны анық. Зерттеу нысанын оңтайлы жүйелеу және тақырыптың маңыздылығын айқындау нәтижесіне қарағанда диссертациялық зерттеудің тақырыбы толықтай ашылған. Диссертант бүгінгі таңда ғалымдар тарапынан айрықша назар аударылып отырған әлемнің тілдік бейнесі, билингвизм мәселелеріне қатысты қазіргі прозадағы шоқтығы биік шығармаларға жан-жақты теориялық талдау біртұтас кешенді зерттеу жұмысын ұсынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларынан, диссертациясынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік баяндау стилі анық байқалып тұр. Ғылыми жұмыс бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс. Отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына орынды сілтеме жасаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі айқын. Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов сынды белгілі билингв жазушылардың шығармаларына жүгіну арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындала түседі. Олардың шығармаларында қазақ және орыс мәдениетінің дәстүрлері үйлеседі, бұл олардың тіл деңгейінде ғана емес, сонымен бірге олардың шығармаларының мазмұны, бейнелер жүйесі, прозашылардың дүниетанымы арқылы көрініс тапқан.

	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Ізденуші Базарбаева Меруерттің қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мазмұны «Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі («билингв-жазушылар материалдарында)» тақырыбын жан-жақты айқындайтын сапалы ғылыми зерттеу жұмысы болып шыққан. Тақырыпты толықтай ашатын әдеби материал негізінде жан-жақты зерттеу жүргізу барысында диссертант ұсынған ғылыми тұжырымдар нақты көркем мәтін арқылы дәйектелген. Алынған нәтижелер зерттеу тақырыбына сай.
	1) **айқындайды**;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу барысында ізденушінің алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Ізденуші Базарбаева Меруерт қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесінің ерекшеліктерін зерттеп, оның отандық әдебиеттегі рухани-эстетикалық ықпалын анықтауды алдына мақсат етіп қойған және диссертант зерттеу жұмысын жазу барысында осы мақсатқа қол жеткізген, межелеген міндеттерін толығымен орындап шыққан.
	1) **сәйкес келеді**;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Ізденуші М. Базарбаеваның диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен жалпы құрылымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері өзара үндесіп, бір-бірінен туындап тұр. Диссертация құрылымы кіріспеден, 2 бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан және қысқаша тұжырымнан, Қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
	1) **толық байланысқан**;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Осыған дейін ғалымдар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өтіп отырады. Өзіндік
	1) **сыни талдау бар**;	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдау бар. Қолтаңбасы әралуан қаламгерлер шығармаларында қозғалатын ұлттық құндылық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық мінез, атамекен, туған жер, табиғат мәселелері диссертант тарапынан салыстырыла отырып, олардың сабақтастығы жағынан сыни талдау нысанына айналады. Ізденуші осыған дейінгі жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырым ұсынуында сыни талдауы анық көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысының отандық әдебиеттану саласында алғаш рет қолға алынып отырған мәселе болуына байланысты жаңашылдық деңгейі де жоғары. Әдебиеттану тұрғысынан жасалған талдаулар жаңа нәтижелер алуға қол жеткізген. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік жаңа деуге болады
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдауларға негізделген. Билингв жазушылар шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесінің ерекшеліктері зерттеу объектісіне айналып отыр.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми жұмыста диссертант жасаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел: - Билингв жазушылардың шығармашылығы Қазақстанның мәдени және әдеби үдерісінде ерекше орын алады;

			- Билингвизмнің әсері Ә. Әлімжановтың, Р. Сейсенбаевтың, Т. Әсемқұловтың дүниеге көзқарасы мен дүниетанымы, идеялық-тақырыптық мазмұны, бейнелі жүйесі мен шығармаларының тілі деңгейінде көрінеді; - Билингв жазушылар әлемінің тілдік бейнесі стилистикалық әдістердің, мәнерлілік құралдарының өзіндік ерекшелігі және өзгешелігімен сипатталады; - Билингв жазушылардың шығармашылығында екі әлемнің тілдік бейнесі, екі мәдени код үйлеседі;
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ**; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия**; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең**	7.1. Негізгі қағидаттар **толық дәлелденген**. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2. Әрбір қағидат **тривиалды емес** деп саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3. **Мейлінше жаңа**. Әдебиеттану саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4. **Қолдану деңгейі кең**. Әдебиеттану, фольклор, тарих және этнография салаларында кеңінен пайдалануға болады. 7.5. Зерттеу жұмысы барысында 9 мақала жарияланып, жұмыс толық апробациядан өткен.

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Әлемнің тілдік бейнесі теориясын, қазіргі заманғы прозадағы билингв жазушылар шығармаларындағы әлем бейнесінің көрінісін, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, функционалды, мәдени-тарихи, биографиялық және стилистикалық әдістері басшылыққа алынды.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр.
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациядағы ізденуші тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, тақырып аясында қамтылған әлемнің тілдік бейнесі мен билингвизм ұғым-түсініктер арасындағы түрлі байланыстар мен заңдылықтар, әлемнің тілдік бейнесі мәселесінің әдеби шығармада атқаратын көркемдік қызметіне қатысты жайттар тікелей прозадан алынған нақты мысалдар арқылы дәлелденіп, расталып отырған. Әлемнің тілдік бейнесіне байланысты әр қаламгердің өзіндік қолтаңбасының айқындығы,
		1) **ия**;	

		2) жоқ.	суреткерлік шеберлігінің әралуандығы толық дәйектеліп отырған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Автор зерттеу барысында мүмкіндігінше әлемнің тілдік бейнесін әр қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмпирикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемдемелер жасаған әрбір тараудағы іргелі ғылыми әдебиеттерге сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Библиографияда әдебиеттану бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 125 дереккөз атаулары бар. Бұл диссертанттың зерттеу жұмысы барысында әдеби шолу жасауына және ғылыми тұжырымдар түзуіне толық жеткілікті мөлшерде болды деп есептеймін.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың толық теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін билингв жазушылардың шығармашылығына және әлемнің тілдік бейнесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектерде қолдануға болады. Жұмыс нәтижелері осы мәселені көркем шығармашылықта, пәнаралық негізде әлемнің тілдік бейнесін зерттейтін жеке жобаларда зерттеуге бағытталған лингвистика және әдебиеттану саласындағы заманауи зерттеулерде мәселенің дереккөзі және дәлелді базасы бола алады.
		1) **бар**;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы айқын және тақырыпты зерттеу барысында алынған нәтижелерді күнделікті практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Әлемнің тілдік бейнесін, билингвизмді және билингв жазушылардың шығармаларын зерттеуге көмектесетін ұсыныстарды, тұжырымдарды, принциптерді, көзқарастарды, диаграммалар мен кестелерді
		1) **ия**;	
		2) жоқ.	

			дайындау болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың әр бөлімі мен қорытындыларында кездесетін практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Толығымен алғанда, М. Базарбаеваның «Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі (билингв-жазушылар материалдарында)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы осы деңгейдегі жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап беретін, ғылыми және практикалық мәні жоғары аяқталған еңбек болып шыққан.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған.
		1) **жоғары**;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда жекелеген орфографиялық қателер (61, 121 бб.), стильдік қателер (82 б. «Р. Сейсенбаев көшпелі тактиканы қолданғандай, романды жазды: ол өзінің «емдеуі» үшін қарсылас ретінде соқты: ол екі кейіпкерді таныстырды, ол сюжетке қызығушылық таныты, қызықтырды және біраз уақытқа қалды; ал содан кейін тағы бір сюжеттік актора, басқа жұп актерлермен (бірақ олардың біреуі қазірдің өзінде таныс – бұл тоқу жіптерімен байланысты); толқындардан кейінгі толқындар – әңгіме бойы») кездеседі. Бірақ бұл ескетулер зерттеудің ғылыми мазмұны мен теориялық маңызына нұсқан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми		Зерттеу жұмысы барысында 9 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1; халықаралық конференцияларда - 5; ҒЖБССҚК журналдарда 3 мақала жарияланды. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.

	деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ізденуші Базарбаева Меруерт Медеубаевнаның «Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі (билингв-жазушылар материалдарында)» тақырыбындағы диссертациялық еңбегін талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмыс ретінде бағалай отырып, диссертантқа осы еңбегі үшін 6D021400 - Әдебиеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.д., профессор
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(қолы)

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

HR қызметі
HR служба

Жанұзақова Қ.Т.
(Аты-жөні)